

"ҚҰҚЫҚТАНУ" ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

10-сынып

1. Құқық қабілеттілік - бұл:

- 1) мемлекетке қатысты азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің көлемі
- 2) азаматтардың өз құқықтарын қорғауын жүзеге асыру қабілеттілігі
- 3) құқықтық қатынастар субъектілерінің жаңа құқықтарды иемдену қабілеттілігі
- 4) азаматтардың өз әрекеттерін, олардың нәтижелерін сезіну қабілеттілігі
- 5) мемлекетпен танылатын субъективті құқықтарды және заңды міндеттерді иелену қабілеттілігі

2. Әрекет қабілеттілік - бұл:

- 1) субъективті құқықтарға ие болу және заңды міндеттерді атқару қабілеттілігі
- 2) мемлекетпен қамтамасыз етілген мүмкін болатын әрекет мөлшері
- 3) субъектіге ұйғарылған тиісті, қажетті әрекет мөлшері
- 4) дербес, өз әрекеттерімен құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру қабілеттілігі
- 5) құқықбұзушылық субъектісінің өзінің қылықтарын түсіну және заңды жауапкершілікті атқару қабілеттілігі

3. Баланың ұлты айқындалады

- 1) баланың қалауымен
- 2) туылған жеріне байланысты
- 3) ата-аналарының ұлтымен
- 4) АХАЖ бөлімінің қалауымен
- 5) әкесінің ұлтымен

4. Қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын құжат болып табылады

- 1) еңбек кітапшасы
- 2) туу туралы куәлік
- 3) жеке куәлігі
- 4) ұлттық паспорт
- 5) төл құжат

5. Заң ұқсастығы - бұл:

- 1) әдет-ғұрып негізінде дауды шешу
- 2) құқықтық реттеудің жалпы бастаулары мен қағидаларының негізінде дауды шешу
- 3) заң негізінде дауды шешу

- 4) дауды ұқсас, осы тәріздес оқиғаларды реттейтін мағынасы жағынан жақын болатын құқық нормасы негізінде шешу
- 5) заңның құқыққа сәйкестігін қамтамасыз ету

6. Құқықбұзушылық түсінігі:

- 1) әрекет
- 2) кінәлі әрекетсіздік
- 3) құқыққа қарсы әрекет
- 4) әрекетсіздіктің зиянды зардабы
- 5) қоғам, мемлекет және тұлғаның мүдделеріне зиян келтіретін тұлғаның кінәлі, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеті

7. Заңдылық - бұл:

- 1) заңдардың болуы
- 2) заңдардың орындалуы
- 3) заңдарды, өзге де нормативті-құқықтық актілерді барлық мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың және азаматтардың дәлме-дәл және бұлжытпай сақтауы және орындауы
- 4) заңдардың бірлігі
- 5) адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері

8. Тәртіп - бұл:

- 1) азаматтың әрекет тәртібін әлеуметтік бағалау
- 2) қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормаларға сай келетін адамдардың мінез құлқына қойылатын талап
- 3) тұлғаның ішкі мәдениеті
- 4) ыдырауға қарсы құрал
- 5) мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптар

9. Тәртіптің түрлері - бұл:

- 1) экономикалық
- 2) мемлекеттік, еңбектік
- 3) заңдылық, құқықтық тәртіп
- 4) қоғамдық тәртіп
- 5) идеологиялық

10. Азаматтығы жоқ тұлғалар:

- 1) ешқандай құқықтары мен міндеттері жоқ тұлғалар
- 2) саяси, діни немесе т.б. себептер бойынша бір елден екінші бір елдің аумағына тұрақты немесе уақытша мерзімге орныққан азаматтар
- 3) шет елде беделі жоқ лауазымды тұлғалар
- 4) дипломатикалық иммунитеті жоқ тұлғалар
- 5) қандай да болмасын мемлекетте азаматтық құқықтары жоқ тұлғалар

11. Мемлекеттің пайда болуының патриархальды теориясының басты идеясы қандай?

- 1) мемлекет отбасының көбею жолымен отбасынан пайда болады
- 2) мемлекет бір тайпалардың екінші тайпаларды зорлықпен жаулап алу жолымен пайда болады
- 3) мемлекет теңсіздік, жеке меншік, таптар мен олар арасында күрес пайда болған кезде пайда болады
- 4) мемлекет әрқашан болған, адамдармен бірге пайда болған; ерекшелік себептері бойынша пайда болған
- 5) мемлекет бағыну, күштіге тәуелді болу сияқты адам психологиясындағы ерекшеліктердің себептерінен пайда болады.

12. ҚР азаматының саяси құқықтарына жатады:

- 1) сөз бостандығы, бірлесуге құқығы, мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы
- 2) мемлекеттің істерін басқаруға қатысу құқығы, жеке меншікке, білім алуға құқығы
- 3) жеке меншік құқығы, кәсіпкерлік әрекет бостандығына құқық
- 4) еңбекке және еңбек үшін марапатталуға құқығы
- 5) әлеуметтік және экономикалық мүдделерін қорғайтын кәсіпкерлік одақтар, өзге қоғамдық бірлестіктер құру құқығы

13. Жеке құқықтар мен бостандықтарға жататын мыналар:

- 1) әлеуметтік және экономикалық мүдделерін қорғайтын кәсіпкерлік одақтар, өзге қоғамдық бірлестіктер құру құқығы
- 2) сөз, жазба сөз бостандығы
- 3) Еңбек және еңбек үшін марапатталуға құқығы
- 4) мемлекеттің істерін басқаруға қатысу құқығы
- 5) өмір сүруге, тұлғаның қадір-қасиетіне, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, тұрғын үйге құқығы

14. Мемлекет пен құқықтың пайда болуының әлеуметтік себептері:

- 1) еңбектің қоғамдық бөлінуі
- 2) еңбек өнімділігінің артуы
- 3) рулардың ыдырауы және жанұялар мен тайпалардың пайда болуы
- 4) жеке меншіктің пайда болуы
- 5) қалалардың пайда болуы.

15. Қоғамда биліктің, мемлекеттің және құқықтың болмауы:

- 1) монархия
- 2) анархия
- 3) деспотия
- 4) тирания
- 5) республика

16. Еңбек ақысының бір бөлігін мемлекет пайдасына ақысыз алу:

- 1) салық
- 2) тәркілеу
- 3) экспроприация
- 4) жеке меншік
- 5) импорт

17. Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы:

- 1) прокуратура
- 2) сот
- 3) парламент
- 4) әкімдер
- 5) конституциялық кеңес

18. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын депутаттан тұрады:

- 1) 15
- 2) 75
- 3) 99
- 4) 107
- 5) 120

19. Мемлекеті басқа саяси ұйымдардан бөліп тұратын белгіні:

- 1) құқықтық актілердің шығуы
- 2) меншікті иеленуі
- 3) конституциялық актінің болуы
- 4) ғарышты игеруге монополия
- 5) халықаралық ұйымдармен байланыс.

20. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі:

- 1) бес жыл
- 2) алты жыл
- 3) жеті жыл
- 4) сегіз жыл
- 5) он бес жыл

21. Парламент тұрады:

- 1) тек мәжілістен
- 2) тек сенаттан
- 3) мәжіліс пен сенаттан
- 4) құқық қорғау органдарынан
- 5) мемлекеттік органдардан

22. Аталғандардың қайсысы құқық белгісіне жатады:

- 1) жалпыміндеттілік, нормативтілік
- 2) діншілдік
- 3) салттармен байланыс
- 4) қоғамдық пікірмен қамтамасыз етілушілік
- 5) моральмен байланыс

23. Президент сайланады

- 1) 3 жылға
- 2) 5 жылға
- 3) 7 жылға
- 4) 9 жылға
- 5) 6 жыл

24. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі:

- 1) бес жыл
- 2) алты жыл
- 3) жеті жыл
- 4) сегіз жыл
- 5) он бес жыл

25. Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды:

- 1) республикалық референдум жолымен
- 2) сайлау арқылы
- 3) парламентпен
- 4) үкіметпен
- 5) жергілікті өзін-өзі басқару арқылы